

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 сәуірдегі N 368 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің
кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 515-құжат; 1995 ж., N 4, 45-құжат; 2000 ж., N 43, 503 - құ ж а т) :

4-тармақта "ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету" деген сөздер "қамтамасыз ету" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысын орындау ісіндегі елеулі кемшіліктер туралы" 1997 жылғы 3 наурыздағы N 3375 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 68-құжат; 2000 ж., N 43, 503-құжат; 2002 ж., N 22, 230-құжат; 2003 ж., N 29, 282-құжат; 2004 ж., N 22, 276 - құ ж а т) :

7-тармақ алынып тасталсын;

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау туралы ереже мен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 470 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 43, 503-құжат; 2004 ж., N 22, 276-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы";

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамы." (комиссияның құрамы осы Жарлыққа қоса беріліп отыр);

1-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссиямен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесін б е к і т с і н " ;

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының басшылары жыл сайын 1 қыркүйектен кешіктірмей Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияға "Болашақ" бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауға ө т і н і м ұ с ы н с ы н " .

аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде :

3-тармақтың үшінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық комиссия төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, Республикалық комиссия хатшысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі айқындайтын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі болып табылады".

4-тармақтың алтыншы абзацы алынып тасталсын;

5-тармақтағы ", сондай-ақ жұмыс органының ұсынуы бойынша стипендиаттарды іріктеудің бірінші туры өткізу жөніндегі сараптау комиссияның ережесі мен құрамын бекітеді" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Комиссия төрағасының орынбасары төраға болмаған жағдайда осы Ереженің 5-тармағында көзделген оның функцияларын жүзеге асырады";

7-тармақтағы "төрағасы мен" деген сөздерден кейін "төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшы және өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 - т а р м а қ т а :

үшінші және төртінші абзацтар алынып тасталсын;
сегізінші абзацтағы "келісім-шарттар" деген сөздер "шарттар" деген сөзбен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

он бесінші абзац "комиссияның қарауына" деген сөздерден кейін "жыл сайын"
деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Болашақ" стипендиясына үміткерлерді іріктеудің жыл сайынғы жоспарын
Республикалық комиссияның қарауына енгізеді."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2005 жылғы " __ " _____

№ __ __ Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2000 жылғы 12 қазандағы

№ 470 қаулысына

қосымша

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі

республикалық комиссияның

ҚҰРАМЫ

(лауазымдары бойынша)

Қазақстан Республикасының - комиссияның төрағасы
Мемлекеттік хатшысы

Қазақстан Республикасының - комиссия төрағасының
Білім және ғылым министрі орынбасары

Қазақстан Республикасының - комиссия хатшысы
Білім және ғылым вице-министрі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық
ресурстар министрі

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі
Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты
Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
Әлеуметтік-саяси бөлімінің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
Кадр саясаты бөлімінің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК